

Тауар биржалары жөніндегі республикалық комиссия туралы, тауар биржаларын лицензиялау туралы Ережелерді және Тауар биржалары жөніндегі республикалық комиссияның құрамын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 30 мамыр N 755. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 13 сәуірдегі N 570 қаулысымен. ~P000570

"Тауар биржалары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 7 сәуірдегі N 2171 қаулысын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Тауар биржалары жөніндегі республикалық комиссия туралы Ереже:

Тауар биржалары жөніндегі республикалық комиссия құрамы;

Тауар биржаларын лицензиялау туралы Ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары, облыстық, Алматы және Ленинск қалалық әкімдері тауар биржаларының қалыптасуы мен қызметіне жәрдем көрсетсін.

3. Тауар биржалары ретінде тіркелген заңды ұйымдар, сондай-ақ жаңадан құрылатын тауар биржалары биржалық сауданы ұйымдастыруға арналған лицензияларды алу үшін Тауар биржалары жөніндегі республикалық комиссияға бір ай мерзім ішінде белгіленген тәртіп бойынша өтініш беруге міндетті деп белгіленсін.

Тауар биржалары ретінде тіркеліп, биржалық сауданы ұйымдастыруға арналған лицензияны белгіленген тәртіп бойынша алмаған заңды ұйымдардың биржалық сауданы жүзеге асыруға және өздерінің атауында "тауарлық биржа" сөзін пайдалануға құқығы болмайды.

4. Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті 1996 жылдың үшінші тоқсанынан бастап Қазақстан Республикасының тауар биржалары қызметінің негізгі көрсеткіштері бойынша тоқсан сайын есеп берілуін енгізсін. ЕСКЕРТУ. Қаулы жаңа 4-тармақпен толықтырылды және 4-тармақ 5-тармақ болып саналды - ҚРҰ-нің 1996.08.14. N 1012 қаулысымен. P961012_ 5. "Қазақстан Республикасындағы тауар биржаларының қызметі туралы" (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 8, 150-бап) Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 27 ақпандағы N 165 қаулысының күші жойылған деп танылсын. Қазақстан

Республикасының Премьер-министрі Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 30 мамырдағы N 755 қаулысымен Бекітілген Тауар биржалары жөніндегі республикалық комиссия туралы Ереже

1. Тауар биржалары жөніндегі Республикалық комиссия (бұдан былай - Комиссия) Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 7 сәуірдегі " Тауар биржалары туралы" N 2170 U952170_ Заң күші бар Жарлығына сәйкес құрылады және тауар биржаларын мемлекеттік реттеуді, лицензиялау мен олардың қызметіне бақылау жасауды жүзеге асырады. 2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің заң және өзге де актілерін және осы Ережені басшылыққа алады. 3. Комиссия төмендегідей міндеттерді орындайды: биржалық лицензиялар береді; тауарлық биржалардың тізілімін жүргізеді; тауар биржалары туралы заңдардың сақталуын бақылайды; тауар биржаларының қызметін зерттейді және талдайды; биржалық құжаттарды әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсыныстарды жасайды; тауар биржаларының биржалық саудасының ережелерін жасайды және бекітеді; биржалық лицензияларды беруге арналған тарифтік ставкалардың мөлшерін белгілейді. 4. Комиссия:

тауар биржалары туралы заңдарды жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды жасап, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне табыс етуге;

биржа Қазақстан Республикасының заңдарын бұрмалаған жағдайда тауар биржасына берілген лицензияның күшін жоюға немесе оның жұмысын тоқтатуға ;

тауар биржасына мемлекеттік инспекторды тағайындауға;

Қазақстан Республикасының қаржылық бақылау органдарының келісімі бойынша тауар биржалары мен биржалық саудаға қатысушылардың қаржылық-шаруашылық қызметін тексеруді ұйымдастыруға;

қолданылып жүрген заңдарды бұзған тауар биржалары мен биржалық саудаға қатысушыларға шара қолдану үшін материалдарды сотқа немесе төрелік сотқа жіберуге, ал қылмыс белгілері анықталған жағдайда материалдарды тиісті құқық қорғау органдарына беруге құқылы.

Комиссияның өз мөрі болады.

5. Тауар биржалары жөніндегі Комиссия құрамын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

6. Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің тиісті бөлімі Комиссияның жұмыс органы болып табылады.

7. Комиссияның Төрағасы (ол жоқта - Төрағаның орынбасары); Комиссияның және оның жұмыс органының қызметін жоспарлайды және ұйымдастырады ;

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті мен Қазақстан

Республикасының Экономика министрлігіне Қазақстан Республикасындағы биржалар мен биржалық сауда қызметінің тоқсан сайынғы және жылдық шолулары мен Комиссияның қызметі туралы жылдық есепті табыс етеді; қажеттілігіне қарай Комиссия мәжілісін шақырады және мәжілістерде төрағалық етеді;

- биржалық сауданы дамыту және реттеу проблемалары бойынша Комиссияның мемлекеттік басқару органдарымен өзара іс-қимылын ұйымдастырады.

8. Комиссия мүшелері:

- Комиссияның мәжілісінде талқылауға ұсынылатын барлық мәселелерді шешу ісіне қатысуға;

- тауар биржалары, биржалық сауда және оған қатысушылар туралы Комиссияның қолында бар барлық ақпаратты алуға құқылы.

9. Комиссия мүшесінің қолданылып жүрген заңдарда көзделген жайттарды есептемегенде, тауар биржаларының, биржалық делдалдардың және биржалық саудаға қатысушылардың қызметі туралы коммерциялық құпиясы бар ақпаратты жария етуіне тыйым салынады.

Комиссия мүшесі тауар биржасындағы мемлекеттік инспектордың міндетін атқара алмайды.

10. Комиссия шешімі, егер оның мәжілісіне Комиссия мүшелерінің жартысынан астамы қатысса, құқықты болады, Комиссияның шешімі Комиссия мүшелерінің кәдімгі көпшілік дауыс беруімен қабылданады.

11. Комиссияның шешіміне және оның мүшелерінің іс-әрекетіне Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңдарда көзделген тәртіппен шағым берілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің

1995 жылғы 30 мамырдағы

N 755 қаулысымен Бекітілген

Тауар биржалары жөніндегі республикалық комиссияның Құрамы
Кетебаев М.К. - Қазақстан Республикасы Экономика министрінің орынбасары,
Төраға Ябров В.В. - Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының жауапты қызметкері, төрағаның орынбасары Духовцев А.И. - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары Омарова Г.А. - Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі өнеркәсіп және сауда саясаты бас басқармасы бастығының орынбасары Шокаманов Ю.К. - Қазақстан Республикасы Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитет төрағасының орынбасары Горяинов А.В. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі жанындағы Қаржы-валюта бақылау комитеті төрағасының бірінші

орынбасары Бектемісов Н.Б. - Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің Шағын және орта бизнесті, нарықтық инфрақұрылымды дамыту басқармасының бастығы Табаева Ш.Б. - Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті Монополиясыздандыру және даму басқармасының бастығы Ескерту. Комиссия құрамынан С.М. Мыңбаев, Х.А. Оспанов, М.Е Тоқанов, Н.Б.Бектемісов шығарылған - ҚРМК-нің 1996.02.14. N 197 қаулысымен. P960197_ ЕСКЕРТУ. Комиссия құрамына өзгерістер енгізілді - ҚРҮ-нің 1996.08.14. N 1012 қаулысымен. P961012_ Ескерту. Комиссия құрамына өзгерістер енгізілді - 1996.11.13. N 1382 қаулысымен. P961382_ Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 30 мамырдағы N 755 қаулысымен Бекітілген

Тауар биржаларын лицензиялау туралы Ереже

1. Қазақстан Республикасы аумағында тауар биржаларының қызметін лицензиялау туралы осы Ереже биржалық сауданы ұйымдастыруға арналған лицензияны берудің, оның күшін жоюдың және тоқтатудың тәртібін белгілейді.

2. Осы Ереженің іс-қимыл әрекеті Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 7 сәуірдегі "Тауар биржалары туралы" N 2170 Заң күші бар Жарлығында белгіленгендей мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке сәйкес "тауар биржасы" түсінігіне сай келетін заңды тұлғалар қолданылады.

3. Биржалық лицензияны (бұдан былай - лицензия) тауар биржасы жөніндегі Республикалық комиссия (бұдан былай - Комиссия) береді. 4. Биржалық лицензияларды беруге арналған тарифтік ставкаларды Комиссия белгілейді. Биржалық лицензияларды бергені үшін төлем Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің арнайы қаражат жөніндегі есеп-шотына аударылады.

5. Лицензия алу үшін Комиссияға нотариуста куәландырылған мына құжаттар: 1 қосымшаға сәйкес нысандағы өтінім; тауар биржасының жарғысы; құрылтайшылық шарт; тауар биржасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік; биржа саудасының ережелері;

жарияланған соманың кем дегенде 70 проценті тауар биржасының жарғылық капиталына енгізілгенін айғақтайтын құжат;

сауда жүргізуге арналған үй-жайды пайдалану құқығын куәландыратын құжат беріледі.

Жұмыс істейтін тауар биржалары жоғарыда көрсетілген құжаттардан басқа

биржадағы мәліметтердің тіркелгенін айғақтайтын құжаттар, былтырғы және ағымдағы жылдар үшін делдалдық және тіркелім алымдарынан салық төленгені туралы қызмет көрсететін банкінің құжаттарын тапсырады.

Лицензия алу үшін өтінішке қоса тіркелген құжаттар тігінделеді және биржа м ө р і м е н б е к і т і л е д і .

6. Лицензия алуға табыс етілген мәліметтердің дұрыстығы үшін өтініш беруші қолданылып жүрген заңдарда көзделгендер бойынша жауап береді.

7. Комиссия өтінім берілген күннен бастап бір ай мерзім ішінде лицензия беру туралы шешім қабылдайды.

8. Тиісті түрде ресімделмеген құжаттар берген жағдайда, сондай-ақ олар Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына және осы Ережеге сәйкес келмесе, комиссия лицензия беруден бас тартуға, жазбаша ескертуге және өтініш берушіге аталған құжаттарды қайта ресімдеу үшін қайтаруға құқылы.

Комиссия лицензия алуға арналған құжаттарды жаңадан өтініш берілген күннен бастап бір ай мерзім ішінде қайта қарауды жүзеге асырады.

Өтініш беруші лицензия беруден бас тарту туралы Комиссия шешіміне сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

9. Лицензия беру туралы шешім қабылданған кезде Комиссия, Комиссия мүшесі жазбаша нысанда табыс еткен және оның қарауына жіберілген тауар биржасы құжаттарын сараптау қорытындысын басшылыққа алады.

10. Комиссия лицензия беру туралы мәселені өтініш берушінің қатысуымен қ а р а й д ы .

Өтініш беруші құжаттарды қарау күні туралы жазбаша ескертпені Комиссия мәжілісі өткізілетін уақыттан кем дегенде 7 күн бұрын алуға тиіс.

Мәжіліс өткізудің күні туралы өтініш берушіге жазбаша ескертпе жіберудің мерзімдерін сақтаған және өтініш иесі келмеген жағдайда, Комиссия өтініш иесінсіз-ақ лицензия беру туралы шешім қабылдауға құқылы.

11. Комиссия шешім қабылдаған соң 7 күн ішінде өтініш беруші лицензия бергені үшін төлегені туралы құжатты берген жағдайда тауар биржасына лицензияның бір данасы беріледі. Лицензия 2 қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі: Лицензия Қазақстан Республикасының Мемлекеттік ел таңбасы бейнеленген бланкке басылады, оған Комиссияның Төрағасы (ол жоқ кезде төрағаның орынбасары) қол қояды және мөрмен куәландырылады.

12. Тауар биржасы, оған лицензия берілген күннен бастап биржалық қызметті ұйымдастыруға құқық алады.

13. Лицензия жоғалған жағдайда, Комиссия қолда бар құжаттардың негізінде тауар биржасына оның көшірмесін береді.

14. Өздерінің құрылтайшылық құжаттарындағы барлық өзгерістер туралы тауар биржасы оларды қабылдағаннан кейін 15 күн ішінде Комиссияға

хабарлауға тиіс. Тауар биржаларының қызметін регламенттейтін енгізілген өзгертулер қолданылып жүрген заңдық және нормативтік актілерге сәйкес келмеген жағдайда, Комиссия құрылтайшылық құжаттарды Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдық және нормативтік актілеріне сәйкес келтіру туралы ресми нұсқаманы биржаға жібереді.

Тауар биржасы ресми нұсқаманы бір айлық мерзімде орындамаған жағдайда, Комиссия тауар биржасына берілген лицензияның күшін жояды. 15. Биржа лицензиясы қызметінің үш ай мерзімге дейін күшін жою немесе оны тоқтату туралы шешімді Комиссия: тауар биржасының қызметінде бұрамалаушылық фактілерін анықтаған қаржылық бақылау органдарының жүргізілген тексеру материалдары; Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдық және нормативтік актілерінің және осы Ереженің бұзылуы анықталған фактілер бойынша мемлекеттік инспекторларының ұсыныстары негізінде қабылдайды. 1 Қосымша Биржа лицензиясын алуға арналған Өтініш Өтініш иесі-----

----- ОКПО коды және мемлекеттік тіркеудің деректемелері
----- Заңды мекен-жайы

----- Почталық мекен-жайы-----

----- Телефон-----Телекс-----Телефакс

----- Жетекші(лер)----- (қызметі, аты-жөні) Тауар секцияларының тізбесі-----

----- Банк бөлімшелерінің есеп-шот нөмірлері мен атаулары-----

Өтінішке қоса тіркелген құжаттардың тізбесі-----

Мөр орны Басшының қолы күні 2 Қосымша Тауар биржалары жөніндегі республикалық комиссия Биржа лицензиясы N ____ 199 ____ жылғы " ____ " _____ берілді _____

_____ (тауар биржасының атауы) тауар секциялары бойынша Қазақстан Республикасы аумағында биржа саудасын ұйымдастыру құқығы берілген-----

----- (тауар секциясының атауы) Тауар биржасы жөніндегі республикалық Комиссияның төрағасы (қолы) М.О.